

30.01.2014



## Қарағандының кұрдасы

Жұлдыз Тойбек,  
«Орталық Қазақстан»  
Суретті түсірген Ж.ИМАНӘЛПҰЛЫ.

Көмірлі қаламызда байырғыдан келе жатқан екі-ақ қазақ мектебі болды. Оның алғашқысы – Ж.Жабаев атындағы №7 мектеп-интернат, екіншісі – Н.Нұрмақов атындағы мектеп-интернат. Осы оқу ордасы қаншама қазақ балаларын білім нәрімен сусындатып, қанаттандырып ұшырды. Бүгін біз тілге тиек еткелі отырған Н.Нұрмақов атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты – Қарағанды қаласының кұрдасы. Құрылғанына 80 жыл толатын мектептің кешегі мен бүгінгі тыныс-тіршілігіне саяхат жасап көрейікші.

Тарихқа тіл бігірсек...

Қаламызбен бірге жасасып келе жатқан білім ордасы алғашқыда үлкен Михайловкада барак типтес ғимаратта бастауыш қазақ-орыс мектебі болып құрылады. Осы кезде қаламыздың өзі бір қабатты үйлер мен жұмысшы барактарынан құралған. Көп қабатты қала сәнін келтіретін үйлер онда бірді-екілі ғана болса керек. 1934 жылы қаланың индустриялық жағдайымен танысуға саяси қайраткер С.Киров келеді. Сол жылы Ленин көшесіндегі № 10 үйде салынып жатқан мектептің жаңа ғимаратының алғашқы кірпішін қалауға қатысыпты. Бұл үйді «Қарағанды Көмір тресі» екі қабатты етіп кірпіштен салып, 1935 жылғы оқу жылына тапсырыпты. Осы мектепке үлкен Михайловкадағы қазақ-орыс мектебі көшіріліп, С.Киров атындағы №4 мектебі деп аталады. Мектептің тұңғыш директоры Б.Уалиев 1935 жылы жұмыстан босатылып, орнына А.Троицкая деген азаматша директор болып тағайындалған. Қазақ кластарының жаңа мектептегі қуанышы ұзаққа бармайды. 1937 жылы «мектеп үйі тар» деген желеумен жетіжылдық қазақ мектебін (үлкен Михайловкаға) Некрасов көшесі № 3 үйдегі барак типтес № 6 мектепке көшірген. Білім беруге мүлдем бейімделмеген баракта Әбдіғали Сәтқожин директор болған. 1936-37 оқу жылында 'Ә.Сәтқожиннің директорлығы тұсында мектепте 23 мұғалім ауылдан келген балаларға дәріс береді. 1944 жылы Әбдіғали Сәтқожин облыстық партия комитетіне қызметке ауысуына байланысты математика пәнінің мұғалімі Шәукентаев деген азамат директор болып келген. Осы кезеңде қазақ педагогтарының арасында арнаулы даярланған маман көбейе түседі.

Қазақ тілді мектепке ол кезде немқұрайлы қарағаны сондай, мектеп оқушыларын жан-жаққа тарыдай шашып оқыта берген. Мысалы 5-7 сыныптар №16 мектепте оқыса, 1-4 сыныптар №1 мектепте оқыпты, ал 1939 жылы 5-7 сыныптар (214 бала) №9 мектепке ауыстырылып, 1-4 сыныптар (147 бала) №22 мектепке ауыстырылған.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда, мектепте ұшқыштардың әскери училищесі орналастырылып, 9-10 сынып оқушылары майданға жіберілді, қалғандары ФЗО-ға, өнеркәсіпке орналастырылды. Осы деректерге сүйенсек, мектепте бастауыш сынып оқушылары ғана қалған.

Ұлы Жеңістен соң, яғни, 1945 жылы мектепке В.Молотов аты беріліп, «В.Молотов атындағы №2 онжылдық мектеп» болып құрылып, үлкен Михайловканың жоғарғы көшесі №54 үйге (қазіргі мұғалімдердің облыстық білім жетілдіру институты орналасқан ғимарат) көшіріледі. Бұл жылы қаланың партия комитетінің секретары, облыстық атқару комитетінде қызмет атқарған, қаланың Құрметті азаматы Тиышбек Аханов директор болады. 1946-47 оқу жылында білім ұясы 10-сыныпты бітірген алғашқы түлектерін ұшырады. Барлығы 11 бала бітіреді. Сол алғашқы түлектердің бірі – Нәбитүсіп Бәкіров кейін осы мектепте ұстаздық қызмет атқарады. 1947 жылы қыркүйекте мектеп директоры болып Мәулен Ғазалиев тағайындалады. Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер әрі жоғары білімді химик Мәулен Ғазалиұлы ағарту саласын дөңгелетіп әкетеді. Білім сапасына үлкен көңіл бөледі. М.Ғазалиев мектепті басқарған кезінде Майжан Мұқышев пен Асан Талапкеров атты түлектері тұңғыш рет мектепті алтын медальмен тәмамдайды. Соғыстан кейінгі халықтың жағдайы белгілі, көбі жесірлік, жетімдік, жетіспеушіліктің қамытын қатар киді. 1947 жылы облыстық атқару комитетінің 22 қазандағы №761 шешімі бойынша мектеп жанынан жетім балаларға арналған 100 орындық пансионат ашылады. 1954 жылғы тамыз айында мектеп облыстық партия комитетінің шешімімен кезінде өзіне арнап С.Киров алғаш кірпішін салып беріп кеткен Ленин көшесі 10 үйге қайтадан көшіп келеді. Мектептің өзіне арналған үйіне (Ленин көшесі 10 үй) көшуіне Мәулен Ғазалиевтің еңбегі зор екенін айтып кету абзал.

1954 жылы Сабатай Иманқұлов директорлыққа келеді. Арада екі жылды артқа салып директор болып Зекен Бәкіров тағайындалады. Жағдай түзеліп, 1958 жылы мектеп жанынан 280 орындық жатақхана салынады. Ленин аудандық Халық депутаттары Кеңесінің 1959 жылғы 11 мамырдағы шешімі бойынша мектептер құрамы бекітіліп, №2 мектеп қайтадан №2 мектеп-интернат болып құрылды. 400 балалық мектеп-интернатқа жетім балалар, көп балалы отбасы балалары және ауыл шаруашылығындағы еңбеккерлер балалары қазақ тілінде оқытылатын болып бекітіліп, орыс сыныптары №1, №3 мектептерге жіберілді. Сөйтіп, қала тұрғындары баласының осы мектепте ана тілінде оқуына мүмкіндік алады. Қайдар Смағұлов директор болған 1960 жылдары үйден қатынап оқитын бала саны күрт өседі. Енді, үйден келіп оқитын балалар №41 орыс мектебіне ауыстырылып, ана тілінде білімдерін осындағы аралас мектепте жалғастырды.

1967 жылдың 31 тамызында №2 мектеп-интернат заман талабына сай салынған Ленин көшесі 100 үйдегі 330 орындық жатақханасы бар зәулім мектепке қоныс аударады. Осы мектеп қабырғасында әр жылдары оқушылар еліміздің аяулы азаматтары Әлімхан Ермеков, Ахмет Жұбанов, Қасым Қайсенов, Жайық Бектұровтармен кездесу кештерін өткізеді. Бәрі де тамаша еді.. 1984 жылы әскери бағыттағы мектеп-интернат салынуы қажет болды. Оны жаңадан салып шығынданбай, №2 мектеп-интернат есебінен аша салған тиімді екен. Тұзы жеңіл аталмыш мектеп тағы сергелдеңге түсті. Ақыр аяғы білім ұясын Қазақстанның 40 жылдығы көшесі 36/2 үйге көшіріп тынады.

#### Ұлылықты үйреткен ұстаздар

Қай заманда болсын, халқының қамын жеген ер-азаматтарға зәру болып көрген емеспіз. Мектептің жаңаруына тікелей Аманжол Дүйсенбайұлы мен Елжас Тайлақов ат салысты. Олар қашанда қазақ балаларының болашағын ойлады. Арнаулы типті мектеп-интернат салу, әсіресе, қала мен облыс басшылары қаржыландырудан бас тартқаннан

кейін Алматыға барып, Жоғары Кеңес төрағасының рұқсатына қол жеткізді. Жаңа ғимаратқа ие болып, балаларына жайлы орын тапқан ата-ана да, бала да шексіз ризашылығын білдіріпті. Ұзақ жылдар директордың орынбасары болған Елжас Тайлақұлының 1984 жылы мектеп жабылуға жақын қалғанда, мектепті сақтап қаламын деп күрескен күндерін әсте ұмытуға болмайды. Осы кезде мектеп директоры Халел Байбақтин болған екен.

Аталмыш мектепке Қабылкәрім Ахметкәрімов директорлық еткен жылдары да білім мен тәрбие бағытында көп ілгерлеушілік болды. Қабекең өзін ұлағатты ұстаз ғана емес, шебер ұйымдастырушы ретінде көрсетті. Зейнеткерлікке шықса да мектеп ұжымы Қабекеңнің еңбегін ұмытқан жоқ. Өткен жылдың сәуір айында мектептегі физика кабинетіне Қабылкәрім ағамыздың атын беріп, салтанатты түрде атап өтті. Білім басқармасынан, жоғары оқу орындарынан қонақтар келіп, заманауи жабдықталған физика кабинетін қызықтап қоймай, оқушылардың ғылыми жобаларының көрмесімен де танысты.

Мектеп тарихына өз ізін қалдырған ұлағатты ұстаздар есімі, жасаған ісі мектеп мұражайынан орын алған. Мақалада ұлағатты ұстаздардың бәрінің есімін атап жату шарт емес, өйткені олардың қай-қайсы болсын, шәкірт жүрегінен мәңгілік орын алған. Өткен ғасырда Ш.Қуанышев, Ж.Қойшыбаев, К.Имантаева, М.Зайтова, З.Кенжеғұлова, З.Ибраева, К.Нұрханова, Б.Ахметжанова, Р.Иманғалиева сынды ұстаздардың алдынан дәріс алған шәкірттерінің өзінің самайын қырау шалғалы қашан. Ұстаздық еңбегі аңызға айналған, зейнеткерлікке шықса да жас ұрпаққа Абай тәлімін үйреткен Ләззат Бәйішева, қартайса да қолынан қаламы түспеген ақын апамыз Мәпіш Шәріпқызы есімдерін түлектері қалай ұмытсын!

Ұстаздарға бағыт-бағдар, шәкірттерге білім нәрін дарытуда Шәмшінұр Құсайынқызы, Сара Қабжанқызы, Раиса Ғұсманқызы, Тұрсынхан Сембайқызы, Сара Балқашқызы, Алтын Ахметжанқызы, Төлеу Қабыкенұлы зор еңбек сіңірді.

Қазіргі заманның ағымына ілескен жаңашыл ұстаздар да жетерлік. Солардың қатарына Білім беру ісінің үздігі Тишкен Советқызы, Камал Бекқожақызын айту ләзім. Осы игі істерді Анар Мұқсынқызы, Зәуре Сағынтайқызы, Шолпан Хамитқызы, Дәметкен Мұғдарықызы, Б.Қапанқызы, Рауан Жұмасейітқызы секілді алдыңғы қатарлы мұғалімдер жүзеге асыруда. Сондай-ақ, «Нығыметтану» бағдарламасының авторы, тарихшы Рымтай Қаппасова да үнемі ізденіс үстінде.

#### Шыңға шыққан шәкірттер

Осынау құт қонған білім шаңырағынан небір жақсылар мен жайсаңдар қанат қағып ұшты. Олардың барлығы өмірден өз кетігін тауып, кірпіш болып қаланды.

1950-51 оқу жылында Хамит Аханов пен Заркеш Сақыпов алтын медаль иегерлері болған. З.Сақыпов – техника ғылымдарының докторы.

1951-52 оқу жылында Қайыркелді Омаров, Баян Рақышев алтын медальға ие болған. Қ.Омаров – техника ғылымдарының докторы, Атырау политехникалық институтының ректоры, Б.Рақышев – техника ғылымдарының докторы, профессор, Алматы политехникалық институтының ректоры болып істеді.

1959-60 оқу жылының түлегі Төлеген Бекмағанбетов биология ғылымдарының кандидаты, ҚарПИ-де оқытушы болып істеді. Осы мектепке аты берілген мемлекет қайраткері Нығмет Нұрмақовтың немере інісі Аман Нұрмақов – медицина ғылымдарының докторы, профессор, Алматы медицина институтында кафедра меңгерушісі. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысының ардагері, «Даңқ» орденінің толық кавалері Мұташ Сүлейменов ақсақалдың осы мектептен он жылдық туралы аттестат (экстерист) алғанын ұжым мақтанышпен ауызға алады.

1960-61 оқу жылында Марат Шәріпов алтын медальға бітіріп, химия ғылымдарының докторы атанып, Қарағанды мемлекеттік университетінде ғылыми жұмыстары жөнінде проректор, кафедра меңгерушісі болып қызмет істеді.

1962-63 оқу жылында Аман Жанғожин, Майкеш Дахина үздік бітірді. Аман Жанғожин белгілі қаламгер, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакторының орынбасары қызметін атқарған. Майкеш Дахина – жобалау институтында инженер – жобалаушы. Жеңіс Иманов – техника ғылымдарының кандидаты, КТУ-де колледж директоры.

1964 жылы бітірген түлектерге биыл мектеппен қоштасқанына 50 жыл толып отыр екен. Мектеп бітіргеніне жарты ғасыр толып отырған он шақты түлектің атын атағанды жөн көрдік. Олар: Қ.Оралбеков, С.Ақылбай, А.Нұрбеков, Ғ.Мағзұмов, С.Дәрібеков, Е.Баттақов, Ж.Иманов, Т.Әубәкірова және тағы басқалары. Бүгінде олардың әрқайсысы қоғамдағы түрлі саланың құлағын ұстап жүрген абзал азаматтар

Бүгінгі білім ошағы

1985 жылы мектепке көрнекті қоғам қайраткері Н.Нұрмақовтың есімі берілді. 2005 жылы мектеп Н.Нұрмақов атындағы №2 мамандандырылған облыстық дарынды балалар мектеп-интернаты мәртебесіне ие болды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 07.08.2007 жылы №387 бұйрығы негізінде мектеп үш тілде білім беру жүйесіне енді. Елбасының «Тілдердің үшпұғырлылығы» саясаты негізінде елімізде үш тілде оқыту бағдарламасымен оқытып жатқан дарынды балаларға арналған 33 мектептің қатарына кіретін Н.Нұрмақов мектебінің келбеті – еңселі, болашағы – жарқын. Білікті басшы Есентай Әшімов басқаратын мектептің басты мақсаты – адами ізгілік қасиеттерді бойына сіңірген, бірнеше тілді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс жасай алатын дарынды балалардың жоғары деңгейлі әрі кәсіпалды бағдарлы білім алуына жағдай жасау. Бүгінгі таңда мектепте математика, биология, география және физика пәндерінен ағылшын тілінде оқытатын пән мамандары нәтижелі еңбек етуде. Пән кабинеттері заманауи үлгіде жабдықталып, оқыту лабораториялық жағдайда жүзеге асады. Корпоративтік менеджменттің әлеуметтік серіктестік бағыты бойынша мектепте ҚарМУ-дің нақты ғылымдар және гуманитарлық факультеттердің шет тілдер кафедраларының филиалы ашылды.

Республикалық Дарынды балаларға арналған 104 мектеп арасынан «Педагогикалық идеялар панорамасы» атты конкурста инновациялық идеялары бойынша «Ең жаңашыл мектеп» атағын жеңіп алған мектеп ұжымы РХУД, Мәскеу, Меликшах университетімен /Түркия/, В.Даль атындағы Қырым ҰУ Евпаториялық бөлімімен, Грузия Жазушылар одағының мүшелерімен байланыс орнатты. Мектеп С.Демирел атындағы университеттің Алғыс хатымен және «Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы» энциклопедиясы редакциясының дипломымен марапатталды. ҰБТ көрсеткіші бойынша білім ордасы республиканың 100 үздік мектебі, облыстың 10 үздік мектебінің қатарына енді. Білім беруді сапалы және тиімді ұйымдастырудың нәтижесінде 2010-2013 жылдар арасында 7 мектеп түлегі «Алтын белгіге», 8 оқушы үздік аттестатқа ие болып, 59 оқушы грант иегерлері атанды. Мектеп оқушылары халықаралық пәндік ғылыми – практикалық конференцияларда 12 қола, 7 күміс, 8 алтын медальға ие болды.

Атап айтсақ, 2010-2011 оқу жылында Чехия мемлекетінде өткен халықаралық ғылыми жобалар сайысында география пәнінен Торғын Алпан қола жүлдемен, Венгрия мемлекетінде өткен жобалар сайысында тарих пәнінен Рустем Рузиев – күміс жүлдемен, Грекияда өткен ғылыми жобалар сайысында физика пәнінен Жанар Жанайдарова қола жүлдемен оралып, мектеп мерейін асқақтатты. Сонымен қатар, 2011-12 оқу жылында Мәскеу қаласында өткен Халықаралық ғылыми жобалар байқауынан Жандос Маратов, Стамбул қаласында өткен экологиялық-ғылыми жобадан Айжан Төлеухан мен Мәдина Шаяхметова жүлделі орындарды иеленді. Республикалық олимпиададан Ербұлан Алдунгаров тарих пәнінен II орын, Арай Кенжина қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен I орын иеленді. Облыстық ғылыми жобалар сайысының қорытындысы бойынша мектеп облыстағы үздік үш команданың қатарына енді. 2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының Құрмет грамотасымен марапатталды. 2012-2013 оқу жылында Айжан Әшім – география пәнінен

өткен республикалық ғылыми жобалар сайысының күміс медаль иегері, Мәскеудегі Ресей Халықтар Достастығы Университеті жанындағы халықаралық аудармашылар сайысының Алғыс хат, Грузия мемлекетінде өткен VII халықаралық жас зерттеушілердің ғылыми жобалар сайысының алтын медаль иегері, Ольга Денисова – математика пәнінен қалалық олимпиадалар жүлдегері, Грузия мемлекетінде өткен VII халықаралық жас зерттеушілердің ғылыми жобалар сайысының алтын медаль иегері, Талғат Маратов – биология және физика пәнінен қалалық, облыстық ғылыми жобалар сайысының жүлдегері, Баку қаласында биология пәнінен өткен «Инепо – Еуразия 2013» халықаралық ғылыми жобалар сайысының қола медаль иегері, Жан Сейдіғали – биология пәнінен қалалық және облыстық ғылыми жобалар сайысының жүлдегері, Баку қаласында биология пәнінен өткен «Инепо – Еуразия 2013» халықаралық ғылыми жобалар сайысының қола медаль иегері, Мадина Шумболова – ағылшын пәнінен қалалық және облыстық олимпиадасының жүлдегері, Грузия мемлекетінде өткен VII халықаралық жас зерттеушілердің ғылыми жобалар сайысының алтын медаль иегері атанды. «Болашақ» бағдарламасымен мектеп мұғалімдері өз білімдерін көтеру мақсатында Кембридж университетінде білім алуда. Ондағы мақсат – шетелдік білім берудің озық жетістіктері мен алдыңғы қатарлы ғылыми-әдістемелік тәжірибелерін енгізу арқылы оқушыларымыздың әлемдік ақпараттық және білім беру ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз етуді көздеу.

Мектеп биылғы оқу жылында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ металлургиялық комбинатының қаржыландыруымен Халықаралық бакалавриат бағдарламасына қатысып, 2015 жылы Халықаралық білім кеңістігіне кіруді басты мақсат етіп отыр.